

Ж.К. Тойшубекова ^{1*}, Н.А. Тасилова ², М.А. Батырбаева ³

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты, Астана, Қазақстан.

E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

² Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: tasnaz@mail.ru

³ Азаматтық авиация академиясының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

E-mail: meru777@inbox.ru

ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда тарихи-этнологиялық зерттеулерде ұлттық бірегейлік мәселесіне ерекше назар аударылуда. Ұлттық бірегейліктің көрсеткіші болып табылатын мәселелердің бірі топонимика бағытындағы зерттеулер. Жер-су атауларының мәні мен пайда болу ерекшеліктерін айқындау арқылы территориялық тұтастық пен сол жерді мекен еткен халықтардың болмысына баға бере аламыз. Аталған бағытта зерттеу жүргізудің мақсаты топонимдердің мәнін ашу арқылы жер-су атауының ұлттың тіршілігі, дүниетанымы мен ділі, болмысы мен шаруашылығымен тығыз байланысты екендігін көрсету болып табылады. Рас белгілі бір территорияларда қалыптасқан этнос өзін қоршаған географиялық ортаға өзіне тән бірегейлікке сүйене отырып атау беруі заңды құбылыс. Бір халық кез-келген дәуірде өзге халықтармен тығыз мәдени-шаруашылықтық байланыстарда өмір сүреді. Мәдениеттердің алмасуы нәтижесінде жергілікті жер-су атауларына да өзіндік тілдік өзгерістер енеді. Бұл өз кезегінде топонимдерді зерттеу ісінің кешенді әрі сан салалы болуына түрткі болады.

Мақалада топонимикалық зерттеулердің ерекшеліктері, оның ғылым үшін маңыздылығы ашылады. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген зерттеушілердің еңбектерін басшылыққа алып, топонимикалық зерттеулердің кезеңдеріне баға беріледі. Қазақ даласындағы жер-су атауларын зерттеу ісі қарастырылып, топонимикалық бағыттағы зерттеу жұмыстарының ұлттық бірегейлікпен байланыстылық дәрежесі тұжырымдалды.

Кілт сөздер: топоним, топографиялық карта, этнография, ұлт, бірегейлік, дүниетаным, шаруашылық.

Тойшубекова Ж.К. ^{1*}, Тасилова Н.А. ², Батырбаева М.А. ³

¹ докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан. E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

² Кандидат исторических наук, асс. профессор,

Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби,

Алматы, Казахстан. E-mail: tasnaz@mail.ru

³ Старший преподаватель Академии гражданской авиации

Алматы, Казахстан. E-mail: meru777@inbox.ru

ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ: ОСОБЕННОСТИ И ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

В настоящее время в историко-этнологических исследованиях особое внимание уделяется проблеме национальной идентичности. Одной из проблем, являющейся показателем национальной идентичности, представляют исследования в области топонимики. Определяя сущность и особенности происхождения географических названий, мы можем судить о территориальной целостности и жизни народов, населявших эту местность. Целью проведения

исследования в данном направлении является доказательство, иллюстрация, демонстрация того, что, раскрывая сущность топонимов, земельно-водное название тесно связано с жизнью, мировоззрением, менталитетом и хозяйством нации. Закономерным явлением является то, что этнос, сформировавшийся на определенной территории, дает название окружающей его географической среде, исходя из присущей ему уникальности. Один народ в любую эпоху живет в тесных культурно-хозяйственных связях с другими народами. В результате неизбежного культурного взаимодействия местные географические названия также претерпевают языковые изменения. Это, в свою очередь, способствует комплексному и многопрофильному изучению топонимов.

В статье раскрываются особенности топонимического исследования, его значение для науки. Руководствуясь трудами ученых, проводивших исследовательскую работу в данном направлении, дается оценка этапов топонимических изысканий. Рассмотрены исследования топонимов в казахской степи, сформулирована степень соотнесенности научных работ топонимической направленности с национальной идентичностью.

Ключевые слова: топоним, топографическая карта, этнография, нация, идентификация, мировоззрение, хозяйство.

Toishubekova Zh. ^{1*}, *Tasilova N.A.* ², *Batyrbayeva M.A.* ³

¹ *Doctoral Student at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.*

E-mail: zhulduz_agz@mail.ru

² *Candidate of Historical Sciences, Associate professor Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty. E-mail: tasnaz@mail.ru*

³ *Senior Lecturer at the Academy of Civil Aviation, Almaty, Kazakhstan. E-mail: meru777@inbox.ru*

TOPONYMIC STUDIES AND NATIONAL IDENTITY: FEATURES AND SIGNIFICANCE

Abstract

Currently, in historical and ethnological research, special attention is paid to the problem of national identity. One of the problems that is an indicator of national identity is studies in the field of toponymy. Determining the essence and features of the origin of geographical names, we can judge the territorial integrity and life of the peoples who inhabited this area. The purpose of the study in this direction is proof, illustration, demonstration that, revealing the essence of toponyms, the land-water name is closely connected with the life, worldview, mentality and economy of the nation. A natural phenomenon is that an ethnos formed in a certain territory gives a name to the surrounding geographical environment, based on its inherent uniqueness. One people in any era lives in close cultural and economic ties with other peoples. As a result of the inevitable cultural interchange, local place names are also undergoing linguistic changes. This, in turn, contributes to a comprehensive and multidisciplinary study of toponyms.

The article reveals the features of toponymic research, its importance for science. Guided by the works of scientists who conducted research work in this direction, an assessment of the stages of toponymic research is given. Studies of toponyms in the Kazakh steppe are considered, the degree of correlation of scientific works of toponymic orientation with national identity is formulated.

Key words: toponym, topographic map, ethnography, nation, identification, worldview, economy.

Кіріспе.

Жер-су атаулары және олардың мағынасына деген қызығушылық ежелгі дәуірлерден басталады. Ол алдымен географиялық ортаны тану үшін маңызды болып саналады. Алайда жер-су атауларын зерттеудегі ең маңызды қажеттілік жер-су атаулары, топонимдер арқылы этно-генетикалық мәселелердің шешімін табуға болады. Топонимдерді зерттеудің негізгі атқаратын қызметі де жер-су атауларының мәнін ашып, оның белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән бірегейлігін айқындау жұмыстарымен тығыз байланысты. Бүгінгі ақпараттардың белсенділігі

ерекше байқалатын заманда топонимдерді зерттеу жұмыстары тіпті белсенді бола түсуде. Мұндай қызығушылықтың артуы еліміздегі тек бірыңғай топонимикалық қызмет желісін іске қосудағы маңызы зор. Сонымен қатар жергілікті жерлердегі топонимикалық ерекшеліктердің жинақтарын қалыптастыру ісімен тығыз байланысып жатыр. Топонимдердің бір қызметі ретінде белгілі бір этностың тек өзіне тән белгілері мен бірегейлігін анықтау деп айтамыз. Дегенмен осы бағытта жұмыстардың нәтижелілігі жер-су атауларының нақты мазмұны толыққанды айқындалғанда ғана мүмкін болады. Осы мақсатта зерттеушілер жергілікті жерлердің нақты топографиялық және әкімшілік картасын пайдаланады. Топографиялық карталар сол уақыттағы географиялық нысандарды қамтып, олардың нақты орналасуын сипаттауы тиіс.

Материалдар мен әдістер

Мақала барысында қолданылған ғылыми әдіс-тәсілдер теориялық зерттеу принциптеріне сай келеді. Материалдарды жинастыру мен топтастыру, мағыналық тұрғыдан талдау, мәселеге қатысты мәліметтер сұрыптап, салыстырып талдау және тағы да басқалары. Еліміздегі жер-су атауларына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жинастырылып, оларды тілдік, тарихи, географиялық, зоотопонимикалық мәніне қарай топтастырылды. Мәселеге қатысты материалдарды деректік мәні бар еңбектер мен теориялық зерттеулер құрайды. Аталған материалдардағы құнды мәліметтер мен зерттеу принциптерін басшылыққа ала отырып, жұмысты объективтілік принципіне негіздедік. Барлық қарастырған жер-су атауларын тек қазақ, түркілік мәнге жатқызбай, олардың шынайы шығу тегін айқындадық. Мәліметтерді талдау арқылы шынайылыққа қол жеткіздік. Зерттеу барысында тарих ғылымына белгілі әдістер қолданылды. Кез-келген тарихи кезеңдердегі мәселелерді талдауда ретроспективтілік әдісі, ұқсас мәліметтерді салыстырмалы талдау, жалпыдан жалқыға өту, деректер мен зерттеу жұмыстарын сыни талдау және тағы да басқа маңызды әдістерді қолдандық. Ретроспективтілік әдіске сай біз жер-су атауларының шығу тегін әртүрлі тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін ескере отырып талдасақ, жалпыдан жалқыға өту әдісі арқылы алдымен жер-су атауларын зерттеудің ұлттық бірегейлік мәселесімен байланысын ашып, нақты мысалдар негізінде көрсете алдық.

Талқылау.

Қарастырып отырған топонимикалық зерттеулер және ұлттық бірегейлік мәселесі тарихнама-дағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Ұлттық бірегейлік мәселесіне қатысты зерттеушілердің жекелеген пікірлері ғана бар. Мәселеге кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымызда ұлттық бірегейліктің бір көрсеткіші ретінде топонимдік зерттеулерді қарастыра алдық. Осы мақсатта біз алдымен топонимдік зерттеулердің ерекшелік-терін кешенді қарастыру үшін А.Гардинердің «Ancient Egyptian onomastica», «Античная география», М. Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік)», Ш. Уәлихановтың шығармаларын қарастырдық. Бұл еңбектердің деректік маңызы жоғары. Зерттеу жұмыстары қатарында А.П. Дульзонның «Вопросы этимологического анализа русских топонимов субстрат-ного происхождения», Б.А. Серебренниковтің «О методах изучения топонимических названий», Г.Ф. Ковалевтің «Ономастические единицы как фактор идентичности», Т.В. Хвеськоның «Способы образования топонимов» атты зерттеу жұмыстары қарастырылды. Отандық зерттеуші-лер қатарында А. Әбдірахмановтің «Топонимика және этимология», С.Қ. Иманбердиева мен А.Б. Шормақованың «Қазақстандағы онимдердің түркілік қабатының зерттелуі» сияқты бар. Сонымен қатар зерттеу барысында Г.Конкашпаев, Е.Койчубаев, Т.Жанұзақ сынды зерттеуші-лердің еңбектері де басшылыққа алынды. Осы зерттеу жұмыстарында жер-су атауларының шығу тарихы, мән ашылғанымен, оның ұлттық бірегейлік мәселесімен байланысына мән беріле бер-мейді. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысының басты жаңашылдығы еліміздегі жер-су атауларының ұлттық бірегейлік, ұлттық болмыс, дүниетаныммен тығыз байланысты екендігі ашылады.

Негізгі бөлім.

Өзектілігі. Топонимдер халықтың рухани болмысының көрсеткіші болып табылады. Тек рухани ғана емес, сонымен бірге этностың материалдық мәдениетінен де мәліметтер береді.

Топонимдер халық ауыз әдебиеті, халық нанымы мен салт-дәстүрі секілді ұлттың ділі және дүниетанымын білдіреді. Зерттеуші А. Гардинердің «Ancient Egyptian onomastica» еңбегінде ежелгі өркениеттер кезеңінде адам баласының өзін қоршап тұрған әлеммен байланысқа түсуі, оларға сипат және атау беру ерекшелігін қарастырды [1, р. 342]. Жер-су атауларына деген қызығушылықты антика дәуірі ойшылдарының еңбектерінде де көп кездеседі. Оған дәлел бола алатын Аристотель бастаған антика дәуірі ойшылдарының еңбегі. Антика дәуірі ойшылдары жер-су атауларына деген қызығушылығы тек танымдық сипатта болды. Жер-су атаулары, олардың мәні мен белгілі бір мәдени ортаның көрсеткіштері ретінде қарастыру ісі кейінгі дәуір ғалымдарына тән болды.

Топонимдер негізінен белгілі бір оқиғалар желісі, географиялық ортаның ерекшелігі, жекелеген адамдардың есімдері сынды белгілерге қарап қалыптасады. Атап өткеніміздей алғашқы кезеңдерде топонимдер тек танымдық қызметті атқарды. Ерте дәуір адамдары, авторлар топоним-дерді белгілі бір оқиғалар желісін сипаттау мақсатында қолданып отырған. Топонимика ғылым саласы ретінде кейінірек қалыптасты. Антика және ерте, ортағасырларда топонимдерге қатысты ой-пікірлердің болуы да шартты мәселе. Оған себеп ерте дәуірлердегі ойшылар мен ғалымдардың топонимдер туралы еңбектері көбінесе саяхат мақсатында жазылды. Тіпті жекелеген жер-су атауларының мәнін ғылыми-зерттеулер емес, аңыз-дастандарға сүйене отырып берді. Сондықтан топонимика ғылым саласы ретінде кейіннен пайда болып, қалыптасты деп айтамыз. Топонимика ұғым ретінде ұзақ қалыптасу кезеңдерінен өткені белгілі. Олай айтуға себеп, адамзат баласы пайда болып, өзін қоршаған ортаға белгілі бір атау берді. Ол атаулар мифология, батырлық оқиғалар, табиғи ерекшеліктерге негізделген. Демек кез-келген атаулар белгілі бір мағыналық сипаты болған. Кез-келген территориядағы топонимдер сол жерді мекен еткен халықтардың тілінде жасалады. Топонимдердің шығу тегін зерттеу ісі белгілі бір дәрежеде сөздердің этимологиясын зерттеу ісімен тығыз байланысып жатыр. Алғаш рет топонимдерді ғылыми зерттеу құралы ретінде қарастырған авторлардың бірі рим географы Помпония Мела болды. «Сипаттамалы география» деген еңбегінде Еуропа, Азия, Африка елдерінің арасындағы территорияларды топонимдер арқылы бөлуге тырысты [2, с. 178-184]. Демек топонимдер осы кезден бастап алғаш рет ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды құралына айнала бастаған. Топонимдерді ғылыми-зерттеу жұмыстарының құралы ретінде қолдану ісі кәсіби түрде ХІХ-ХХ ғасырлардан басталды деуге болады. Өйткені осы кезеңнен бастап нақты бір территориялық аумақтағы халықтардың орналасуы, этникалық ерекшеліктері, олардың дүниетанымы сияқты ғылым үшін маңызды мәселелерді ашу барысында топонимдерді зерттеу ісі қолға алынды. Әсіресе Еуропа елдері осы мәселеде тәжірибесі мол. ХІХ ғасырдан бастап Орыс географиялық қоғамы мүшелері топоним-дерді зерттеу ісін қолға алды. Сол жылдары географ-ғалымдар, В.П. Семенов-Тянь-Шанский мен Л.С. Берг, кейіннен Э.М. Мурзаев, В.А. Жучкевич, В.А. Никоновтар топонимика саласының дамуына үлкен үлес қосты. Ұлыбританияның өзінде 1923 жылы Топонимикалық қауымдастығы пайда болады. Барлық топонимикалық бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүруіне қол жеткізілді.

Қазақ даласындағы топонимдерге деген қызығушылық дамыған ортағасырдағы авторлардың еңбектерінде жиі кездесті. Мысалы Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» деп аталатын еңбегі топонимикалық атаулар мен олардың мәнін ашуға деген талпыныстардан тұрады. Түркі халықтары туралы жан-жақты мәліметтер беретін М. Қашқаридың еңбегі тек тарихшылар үшін ғана емес, этнография, география сынды салалар үшін құндылығы аса жоғары. Өйткені тек түркілердің саяси тарихы ғана емес, олардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, жер-су атаулары, топонимдердің мәні мен аталу себептері сынды мәселелерді айқындайды. М.Қашқари еңбек-терінде Сырдария өзені бойындағы Сайрам, Қарнақ, Ситкун, Сығанак, Отырар (Фараб) сияқты қалалар мен Ақсай, Қарғалық, Қарасеңгір тағы да басқа елді-мекендердің атаулары кездеседі. Еңбекте Қазвин қаласы туралы мәліметтер келтіреді. Аталған қаланы Афрасиабтың Қаз есімді қызының салынғанын айтады. М. Қашқари қазіргі Самарқанд қаласы алғашқыда Семеркенд немесе Семізкент, яғни «бай қала» мағынасын шыққандығы туралы мәліметтер бар [3, с. 231]. М.Қашқари еңбектері арқылы бүгінде атауы

түсініксіз болған, мағынасын ашу қиындық тудырып отырған елді-мекендер мен өзен атауларын қалпына келтіруге көп септігі бар. Демек топоними-калық зерттеулер үшін пайдасы үлкен. Сонымен қатар түркі дәуірінен бері жалғасып келе жатқан атаулардың сабақтастығын айқындау, бүгінгі елді-мекендер атауларының тарихи негіздерін аша түседі. Ол турасында лингвист-түркітанушы ғалым А.Н. Кононов өзінің «Махмуд Кашгарский и его труд «Дивану лугат-ит турк»» деп аталатын зерттеуінде М. Қашқаридың еңбегі ХІ ғасырдағы түркілердің өмірі, рулық құрамы, лауазым қызметі, тағамы, жануарлар дүниесі және топонимдері туралы бірегей туынды деген пікір білдіруі де заңды [4, с. 13]. Осы сияқты еңбектерден кейін қазақ даласының топонимикалық ерекшеліктері туралы әр кезеңде түрлі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олардың қатарында В.В. Радлов, В.В. Бартольд, П.М. Мелиоранский, Н.А. Баскаков, С.Е. Малов және тағы да басқа зерттеушілерді атаймыз. Қазақ зерттеушілері қатарында жер-су атауларын зерттеу, олардың мән-мағынасы турасында Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көптеген мәліметтер кездеседі. Ш. Уәлиханов қазақ даласында көнеден мәлімет беретін зират, обалар көп екендігін айтып, жер-су атауларына көңіл аударған. Өз еңбектерінде Еділ, Жайық, Іле, Аягөз, Текес өзендері туралы мәліметтер келтірген. Ш. Уәлиханов еңбектерінде Жетісу жеріндегі елді-мекендер және қазақ даласында таулардың атауы және олардың мәнін аша түскен [5, с. 112]. ХХ ғасыр басында Қазақстан аумағындағы жер-су атауларына қатысты мәліметтер келтірген авторлардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпеев те бар.

Қазіргі таңда жер және су атауларын зерттейтін топонимика ғылымының шынайы мүмкіндіктері жоғары екендігін ұғынуымыз керек. Топонимика термині ХХ ғасырдың 60-шы жылдары пайда болған. Топонимдерді зерттеу арқылы алынған білім тек географтар немесе тарихшылар үшін ғана пайдалы емес. Оған қоса жергілікті жердің тілі мен мәдениетін, сонымен қатар нақты бір ұлттың дүниетанымын да білуге көмектеседі. Сол себепті де топонимикалық зерттеулердің нәтижелері өте қажет болғандықтан да бұл салаға жеткілікті көңіл аударылуы тиіс деп санаймыз. Бүгінде халық арасында белсенді қолданылатын көптеген сөздердің мағынасы қандай екендігін дәл айтып бере алмайтындар көптеп кездеседі. Посткеңестік кеңістікте топонимикалық зерттеу саласында, оның теориялық негіздерін айқындау ісінде салмақты ғылыми ой айтып жүрген Ю.Ю. Гордова., С.К. Костовскалар болып табылады. Өздерінің ғылыми-зерттеу жұмысында топоними-калық зерттеу ісін жүргізу бір қарағанда оңай болып көрінгенімен, оның өз қиындықтары бар екендігін ескертеді. Топонимдерді зерттеу география саласының басты нысаны болғанымен, ол негізгі үш ғылыми бағыттарды қамтиды. Демек топонимдерді дұрыс зерттеу география, тарих және филология салаларының ортақ әрекеттері нәтижесінде жүзеге асады деп санайды. Ол әсіресе топонимдерге этимологиялық талдау жүргізгенде ерекше қажет. Зерттеушілер топонимдерді зерттеу ісін экспедиция жүргізбей жүзеге асыру мүмкін емес екендігін де атап өтеді [6, с. 71-78]. Елімізде соңғы жылдары жер-су атауларын зерттеу ісі белсенді түрде қолға алынды. 2020-2025 жылдарға арналған арнайы ғылыми-зерттеу жобасы да іске қосылған. Ш. Шаяхметов атындағы ұлттық ғылыми-практикалық орталық жүзеге асыратын жобада біз атап өткен тіл, тарих, гео-графия сала мамандары жұмылдырылған. Жоба жұмысынан жоғарыда атаған үш ғылым саласының маңызды екендігін байқаймыз. Оған қоса жоба барысында тарихи-диохранды әдіс қолданысқа ие болған. Ол дегеніміз зерттелетін аймақтағы тарихи үдерістерді кезеңдерге бөліп, жер-су атауларының өзгеру деңгейлерін анықтау. Демек топонимдердің қалыптасуына тарихи кезеңдердің әсерін анықтау болып табылады. Әрине жер-су атауларының барлығы бірдей ірі тарихи оқиғаларға байланысты туындай бермейді. Жергілікті жерлердің ерекшеліктеріне байланысты да атаулар туындап жатады. Зерттеуші М.Е. Мамышева өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында микро-топонимдер мәселесін қозғап, оның тілдік және мәдени ерекшеліктеріне баға береді [7]. Демек жер-су атауларын зерттеу ісінде жергілікті жердің ерекшеліктеріне де мән берудің маңыздылығы жоғары. Қазіргі таңда еліміздегі топонимика саласындағы өзгерістер, ХХ ғасырдағы жер-су атауларының өзгеру туралы хронологиялық сипаттағы зерттеу жұмыстары жоқ [8, с. 26-28]. Мұның өзі аталған бағытта, жалпы жер-су атауларын зерттеу ісінің маңыздылығын көрсетеді.

Топонимика ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар топонимиканы қазіргі замандағы адам өмірінің де маңызды саласы деп айтар едік. Оған себеп қоршаған ортаның барлығы да жер және су атауларына, елді мекендер мен көшелер, таулар мен көлдердің атауларына толы. Мұның барлығы да тарихи мұраның негізгі түріне жатады. Белгілі бір дәрежеде осы атаулар сол жерді мекен ететін халықтардың таным түсінігі мен ұлттық бірегейлігінен мәліметтер сақтайды. Бүгінгі ұрпақтың құндылықтар жүйесі мен олардың рухани және материал-дық мәдениетінің де көрсеткішіне айналуда деп айтсақ қате болмайды. Соңғы ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысына сай осындай географиялық атаулардың сақталуы зерттеушілер үшін мол мүмкіндік беретіндігі дәлелденіп отыр. Ол мүмкіндік ең алдымен нақты бір территорияны мекен еткен халықтар, олардың ерекшеліктері туралы мол мәліметтерге ие болумен байланысты. Сондықтан біз өз кезегімізде топонимика тек ұлттық бірегейлікті айшықтайтын фактор ғана емес, ең алдымен ұрпақ жады деп бағалар едік. Бұл жайттың өзі топонимика саласына жеткілікті көңіл аударудың қажеттілігін білдіреді. Топонимика терминінің астарында тек белгілі бір жер немесе су атаулары ғана емес, сонымен қатар тілдік зерттеулер мен лингвистикалық, тарихи және этно-графиялық зерттеу бағыттары жатыр. Жер және су атауларын зерттеу арқылы бірнеше нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ең алдымен жер және су атауларының шығу тегі анықтап, нақты жер және су атауларының сөздік құрылымы арқылы тілдік ерекшеліктерін айқындауға болады. Нақты жер және су атауларының мағыналық астарына ашу, осы арқылы жер және су атауларының алғашқы тарихи негіздерін қалпына келтіруге мүмкіндік-тер туындайды. Сол географиялық ортада болған тарихи үдерістерді зерттеп, жер және су атауларының өзгеруін бағамдай аламыз. Мұның өзі белгілі бір жер және су атауларының тарихи негіздерін айқындайды. Осылайша топонимика белгілі бір жер және су атауларының келер ұрпаққа ешқандай бұрмалаусыз, дұрыс жетуіне жағдай жасайды. Мұндай тарихи сабақтастық өз кезегінде ұлттық бірегейлікті нығайтуға тигізер әсері мол.

Нәтижелер.

Ежелден адам баласы жер және су атаулардың маңыздылығына ерекше көңіл аударып келген. Сол себепті де бізге ежелден бері аталып келген жер және су атаулары жетіп отыр. Жалпы жер және су атауларының шығу тегін анықтау арқылы біз тек сол халықтың дүниетанымы мен ерекшеліктерін ғана біліп қоймаймыз, сонымен қатар сол уақыт аралығында өмір сүрген адамдар-дың өмір сүру ерекшеліктерін, саяси ахуалы мен тілдік ерекшеліктерінен де мәліметтер аламыз. Мұның өзі жер және су атауларын зерттеу ісінің ұлттық бірегейлікпен тығыз байланысып жатқандығын көрсетеді. Байқасақ, кез-келген қоғамда адамдар жер және су атауларына күрделі және еш мағынасы жоқ атауларды бермеген. Әр атаудың өзіндік мәні мен тарихы бар. Жер және су атаулары арқылы зерттеушілер жердің қай халықтарға тиесілі екендігін анықтап, атаудың пайда болуына түрткі болған факторларды дәл анықтай алады. Бір белгілісі жер және су атаулары адамдардың басынан өтіп жатқан саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдай, сонымен қатар жердің географиялық ерекшеліктеріне сай пайда болады.

Топонимикалық зерттеулер барысында географиялық атаулардың бұрынғы аттары ғана емес, бүгінгі атауларының тарихи негіздерінің өзара сәйкес келу дәрежесі де анықталады. Топонимика-лық зерттеулер барысында географиялық нысандарды бірнеше түрге сыныптау мәселесі туындайды. Мысалы:

- Ойконимдер. Топонимдердің бұл түріне зерттеушілер нақты елді мекендерді жатқызады. Зерттеушілер қалалы жерлердің атауларын астионимдер десе, ауылды жерлердің атауларын комонимдер деп атайды;

- Гидронимдер. Аты айтып тұрғанда топонимдердің бұл түріне өзен, көл, сулар жатады. Мысалы пелагонимдер теңіз атауларын білдірсе, лимнонимдер деп кері суларды, потамонимдер деп өзендерді, гелонимдер деп батпақтар, дримонимдер деп орман атауларын білдіреді;

- Дримонимдер. Ормандар мен ну ағаштарын білдіретін жер және су атаулары;

- Оронимдер. Жергілікті жерлердің рельефтік ерекшеліктеріне байланысты қойылатын жер және су атаулары;

- Антропотопонимдер. Нақты бір адамның атымен жер және су атаулары;

- Микротопонимдер. Белгілі бір жер және су атауларының тек кішкентай географиялық нысан-дармен байланысты. Бұл көп жағдайда жергілікті жердің жағдайына байланысты болады [9, p.17-18].

Топонимдерді зерттеу бірнеше іргелі ғылым салаларының ортақ атқаратын қызметтері нәтижесінде ғана толыққанды бола түседі. Бұл ретте тарихи зерттеулердің география, этнография, лингвистика салаларымен тығыз байланысын атап өтуге болады. Қазіргі таңда әлемдік ғылыми тәжірибелер көрсеткендей бірнеше ғылым салаларының методологиясы мен элементтерін біріктірген салалар ерекше қарқынды дамуда. Мұндай пәнаралық байланысы жоғары салалар ең алдымен бірнеше ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланады. Жалпы топонимика саласын-дағы зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында зерттеуші оның қажеттілігін жақсы түсінуі қажет. Нақты бір географиялық атаудың сол жерге тиесілі екендігін анықтау арқылы адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасайтындығын терең ұғыну керек. Белгілі бір географиялық ортадағы жер және су атауларының барлығы бір-біріне ұқсас, бірін бірі қайталайтын болса ол да қоғам өмірін, адамдар арасындағы байланыстарды қиындатады [10, p. 157-158]. Біздің пікірімізше топонимикалық зерттеулер арқылы жер және су атауларының тарихи негіздері айқындалуы шарт. Бұл өз кезегінде белгілі бір географиялық ортаны иеленіп отырған халықтардың тарихи мекені екендігін айқындап, олардың этнографиялық және тілдік ерекшеліктеріне де баға беруге мүмкін-діктер беретіндігі басты назарда ұсталуы керек. Топонимикалық зерттеулер арқылы жер және су атаулары арасындағы географиялық шекараларды да анықтауға болады. Бұл өз кезегінде нақты территорияларды мекен еткен халықтардың ұлттық бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігіне қатысты баға беруге негіз бола алады деп есептейміз.

Зерттеуші А.П. Дульзон өзінің зерттеу жұмысында топонимдердің үнемі сөздердің ерекше үйлесуі арқылы пайда болып, оларды талдау жұмысы этимологиялық зерттеу талаптарына бағынуы тиіс деген пікір білдіреді [11, с. 73-78]. Топонимдер мәселесі тек тарихшылар ғана емес, сонымен бірге географ және лингвист ғалымдардың да зерттеу нысанына айналып отыр. Топонимдер география нысандары ара-қатынасын нақты бөліп тұруымен ерекшеленеді. Топонимдер белгілі тіл арқылы жасалатын сөз. Демек оның мағынасын тереңірек ашу, жер-су атауының лексикасы, оның фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері лингвист зерттеуші-лердің араласуын талап етеді. Ал тарихшылар үшін топонимдерді зерттеу бірнеше себептерге негізделеді. Алдымен топонимдер арқылы қоғамдық қатынастар, шаруашылық түрлері, саяси ахуал, мәдени даму көрсеткіштері туралы маңызды мәліметтерді білуге болады. Топонимдер мен этимология саласында іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізген А. Әбдірахманов болды. Өзінің еңбегінде жер-су атауларын зерттеу бағыттары өзара тығыз байланысып жатқандығын атайды. А. Әбдірахманов топонимдер біріншіден тілдік құбылыс болып табылатындығына назарын аудар-ған. Тіл мамандарының өзі зерттеу жұмысының толыққандылығы үшін археология, этнография саласының мәліметтерін пайдалану керектігін ескертеді. Тарихшылар болса, топонимдердің өзгеріске түсу ықтималдылығын тура анықтау үшін фонетика, грамматика заңдылықтарын білгені дұрыс деп санайды [12, 38 б.]. Зерттеушінің пікірі орынды. Тілдің осы заңдылықтарын білмей топонимдердің көне формасы, этимологиясы, өзге тілден енген топонимдерді дәл анықтау мүмкін емес. Кез-келген халықтың ұлт ретіндегі болмысы, өзіндік дүниетанымы, этномәдени құндылықтары белгілі бір дәрежеде топонимдерінде бейнеленіп отырды. Өздерін қоршаған географиялық кеңістікке өзіндік ұлттық бірегейлік пен ұлттық нақыш беру қалыпты дүние. Топонимдерді белгілі бір ұлттың таным-тіршілігінің жемісі десек, ол сол ұлттың тілінде дүниеге келеді. Топонимдер ұлттың тілі мен ұлттық ерекшеліктерге байланысты дүниеге келгендіктен сол ұлттың санасында да берік қалыптасады. Зерттеуші Б.А. Серебренников топонимдерді зерттеу әдістерін төмендегідей бөледі:

- Топонимдерді тілдік тұрғыдан зерттеу;
- Топонимдерді түрлі тарихи кезеңдердегі даму және өзгеру ерекшеліктері тұрғысынан зерттеу [13, с. 49]. Зерттеушінің бұл пікірімен келісуге болады. Қазіргі таңда елді-мекендердің атауын зерттеу барысында біз топонимнің бірнеше рет түрлі саяси ахуалға байланысты

өзгерген-дігін байқаймыз. Зерттеуші С.Қ. Иманбердиева мен А.Б. Шормақованың зерттеу жұмысында Алматы, Астана, Орал, Тараз, Қостанай, Түркістан және тағы да басқа қалалардың қазіргі, Кеңестер билігі, ортағасырлық кезеңдегі атауларын салыстырмалы түрде берген [14, 160 б.]. Байқағанымыздар топонимдер түрлі саяси ахуалдар мен тарихи кезеңдерге байланысты өзгеріске ұшыраған. Демек топонимдерді тарих бағытында зерттеу қоғамдық қатынастар турасында мәліметтер де береді. Мысалы XIX ғасырдан бастап қазақ жеріндегі жер-су атаулары саяси ахуалға байланысты түбегейлі өзгеріске ұшыраған болатын. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты салдарынан орыс шаруаларының жаңа қоныстары пайда болып, қалыптасқан атаулар орысшаланды. Мұндай өзгерістер Кеңестік билік жылдарында да белсенді жүрген. Тарихи қалыптасқан атаулар халық жадынан шығарылды.

Жалпы еліміздегі топонимдердің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ана тілінде және өзге тілдердің араласуымен жасалған деп айта аламыз. Зерттеуші А. Әбдірахманов қазақ тіліндегі топонимдердің тілдік құрылымына қарай алтай дәуіріндегі, көне түркі тіліндегі, көне қазақ тіліндегі, жаңа қазақ тіліндегі топонимдер деп бөледі. Осылайша автор қазақ жеріндегі жер-су атауларын пайда болу кезеңдеріне байланысты жіктейді. Алтай дәуірінде пайда болған топоним-дер қатарында Алтай, Бақанас, Басқан, Келес, Қапшағай, Қордай, Мұқыр және тағы да басқаларын атайды. Ал көне түркі тіліндегі атаулар ішінде Аякөз, Елек, Есіо, Жайық, Қазықұрт, Лепсі, Машат, Сығанақ, Ұржар, Ырғыз, Іле, Шарын және тағы да басқалары. Көне қазақ тіліндегі Бұқтырма, Қапал, Құйған, Мұзарт, Түгіскен, Бөген атауларын береді. Жаңа қазақ тіліндегі топонимдерге мысал ретінде Ақсу, Шортанды, Еңбекшілер, Көксу және тағы да басқаларын жатқызады. Зерттеушінің басқа тілдерден енген топонимдерге қатысты пікірі қызықты. Мұндай жер-су атауларын парсы, моңғол, угор, орыс тілінен енген деп топтастырады [12, 39-41 б.]. Бұл пікірді топонимика саласының маманы Ғ. Қоңқашпаев та қолдап, бірнеше сөздерге түсіндірме береді және талдау жүргізеді. Мысалы моңғол тілінен енген сөздерді жіктеп, оларды мағыналық жағынан ашады. Солардың ішінде «Аңырақай жотасы». Тарихнамада «Аңырақай шайқасы» деп қазақ-жоңғар соғысы жылдары жоңғарлардың «аңырап» қашуы нәтижесі деп түсіндіру қалыптасқан. Алайда Ғ.Қоңқашпаев «Аңырақай» сөзін моңғол тілінен енген «ангархай», мағынасында тау ішіндегі «шатқал» немесе «сай» деп түсіндіреді [15, с. 242]. Тарбағатай тауы өзінің шығу тегі жағынан моңғол тілімен байланыстырылады. Аудармасында «суырлы» мағынасын беретін атаудың шығуы ең алдымен таудың жануарлар дүниесінің ерекшелігіне байланысты пайда болған. Мұндай өзге тілдердің араласуымен пайда болған топонимдер жеткілікті. Тек моңғол тілі ғана емес, араб, парсы, угор, орыс тілдерінің араласуынан пайда болған топонимдер де бар. Бүгінде тілімізде кездесетін абат, кент, қала, дария сынды сөздер парсы тілінен енген, моңғол тілінен бақан, арасан, аймақ, арал сынды сөздері кірген. Осы мысалдың өзі топонимдердің мағынасын ашып, этимологиясын талдау барысында тілдік білімнің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Угор тілдерінен енген топонимдерге қатысты зерттеуші Е. Қойшыбаев қызықты пікір білдіреді. Түркі сөздерінің түбіріне қосылған «ас», «аш», «ес» сөздері угор тілінен аударғанда өзен мағынасын береді дей келе, «Бақанас», «Балқаш» сөздерін мысал ретінде келтіреді [16, с. 13]. Демек әр топонимнің өзіндік жасалу реті, тарихы мен пайда болу себептері бар деп тұжырымдауға болады. Аталған пікірлер мен қазақ даласындағы топонимдердің мәндік ерекшеліктерінің сан қырлы екендігін алға тарта отырып, жер-су атаулары, таулар мен ормандар, елді-мекен атаулары кешенді зерттеуді талап етеді деп айта аламыз. Бір ғана аймақтағы топонимдерді зерттеп, оның топографиялық картасын даярлау арқылы осы жерді мекен еткен ұлттың тарихына, олардың қалыптасу кезеңдеріне қатысты пікір білдіруге болады.

Парсы және өзге де тілден енген жер-су атауларына назар аударып, оларды ұлттық бірегейліктің көрсеткіші ретінде тұжырымдаудың қажеттілігі байқалады. Мұндай тұжырым ең алдымен қазақ даласындағы жер-су атауларының сабақтастығы мен түптеп келген территориялық тұтас-тықтың дәлелі бола алады. Қазақ даласындағы топонимдердің зерттеліп, жүйеленуі ел егемендігін тарихи тұрғыдан бекітуге мүмкіндіктер береді. Бүгінде Еуразияның орталығын алып жатқан Қазақстан аумағы өзінің кеңдігімен және топонимдерінің әр алуандығымен ерекшеленеді. Ол турасында ғалым-зерттеуші Т. Жанұзақ «...қазақ

топонимдерінің құрамы мен этимологиясы, құрылысы мен пайда болуы жағынан әртүрлі. Топонимдердің құрамында ежелгі заман және ортағасыр, жаңа заманда пайда болғандары көп. Олардың көпшілігі сақ, ғұн, үйсін дәуірінен бастау алса, келесі тобы түркі дәуірінде пайда болды. Тіпті араб-моңғол, парсы және славян тілінен енгендері де жетерлік» дей келе, елімізде 85 мыңдай өзен және 50 мыңдай көл атаулары бар екендігін айтады [17, 13 б.]. Бұл өз кезегінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының ауқымдылығын білдіреді. С. Абдрахманов Қазақстандағы топонимдер саны бойынша басқа мәліметтер келтіреді. Оған сай, елімізде барлығы 120 мың шамасында ғана географиялық атаулар бар. Олардың ішінде 32 мыңнан астамы тау, жота, төбе сынды оронимдер болса, 27 мыңы өзен-көл немесе гидронимдер екен. 24 мыңнан астам елді-мекендер және 0,2 мың орман мен тоғайлар бар [18, 3 б.]. Міне осы топонимдердің шығу тегі мен мағынасына мән беретін болсақ, біз жер-су атауларынан ұлттық бірегейлікті байқаймыз. Мысалы көптеген жер-су атауларының шығу тәркінің халықтық этимология ретінде түсіндіріледі. Халықтық этимология ғылыми негізсіз, түрлі жорамал мен аңыз-әңгімелер, жеке адамдардың әңгімесіне сүйене отырып айқындалады. Ол туралы зерттеуші Ә. Қайдаров атап өтеді. Ғалым халықтық этимологиямен қатар, ғылыми этимология бар екендігін айтқан. Ғылыми этимология барынша шынайы болуымен ерекше. Дегенмен халықтық этимологияның ұлттық бірегейлікке жақындығы айқын сезіледі. Мысалы Қазығұрт оронимінің халық-тық этимологияға сай түсіндіруі көңілге қонымды. Халық ұғымында «Қазығұрт» атауы «қазы» – ет тағамы, «құрт» – сүт тағамының қосындысы ретінде түсіндіріледі. Мұның мәні мал шаруа-шылығына қолайлы аймақ екендігін білдіреді. Ұлттық болмыс пен ғасырлар бойында қалыптасқан шаруашылық түріне негізделген атау қазақ халқының дүниетанымына терең негізделіп тұр. Сонымен қатар халық арасында Қазығұрт таулары туралы түрлі аңыздар бар. Солардың бірі Қазығұрт тауларына Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған деп айтылады. «Қазығұрт» атауын «қазық» және «құрды» сөздері арқылы Нұх пайғамбардың жерге дәл осы жерде алғаш табаны тиді деп халықтық этимологияда келеді. Мұның өзі жер-су атауларында ұлттың өзіне ғана тән бірегейлігі мен ұлт тарихының жарқын беттерінен мағлұматтар береді. Топонимдердің ұлттық бірегейліктің көрсеткіші ретіндегі маңыздылығы ерекше. Соңғы уақытта ұлттық бірегейлік мәсе-лесі отандық және шетелдік зерттеушілерді қызықтырған ерекше тақырыптардың біріне айналып отыр. Бұл әсіресе посткеңестік кеңістікте өмір сүріп жатқан мемлекеттер мен халықтар арасында кеңінен байқалады. Жалпы бірегейлік мәселесі сан қырлы. Зерттеуші Г.Ф. Ковалев бірегейліктің өзін түрлі мағынада қолданылатын әмбебап сөз ретінде түсіндіреді. Этникалық бірегейлік, тұлғалық бірегейлік, моральдық-этикалық бірегейлік сынды ұғымдардың да бар екендігін атап өте келе, ұлттық бірегейлік көп жағдайда осы ұғымдардың барлығын қамтып, жинақтаушы түрге ие болатындығы туралы ой айтады [19, с. 134]. Автордың ойымен келісуге болады. Өйткені әр топонимдердің артында белгілі бір ұлттың тарихи әрі шынайы өмірі мен дүниетанымы тұр. Жетпіс жылдан астам уақыт бір идеологияның әсерімен топонимдеріне мән бере қоймаған халық-тар 90-шы жылдардан кейін ұлттық бірегейлік мәселесіне көңіл қойды. Осы ретте тарихи жер-су атауларын қалпына келтіріп, оны ұлттық бірегейліктің маңызды көрсеткіші ретінде қарастыру ісі қолға алынды.

Қазақ топонимдері ұлттың рухани мәдениетінің шынайы көрінісі болып табылады. Мысалы халық ауыз әдебиетінің желісіне сай пайда болып, халық арасында тараған жер-су атаулары жетерлік. Солардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры болып табылады. Жырдың желісі баршаға аян. Міне антын бұзып, қайтыс болған Сарыбайдың ұлына қызын беруден бас тартқан Қарабай Аягөз маңына көшеді. Көш барысында Қарабайдың сабасы жарылып, сол аймақ Жайылма, Ақкөл деп аталған деген мағлұматтар бар. Ал Сарыбайдың Қарабайға берген құлы Айбас уақыт өте құлдықтан қашады. Өзімен бірге Баянның домбырасы мен моншағын ала кеткен. Алайда Қодардан қашу барысында домбыра мен моншақты ұмытып, сол аймақ кейіннен «Домбыралы» және «Моншақты» деп атала бастаған. Ал Баян сұлудың туған жері бүгінде Баянауыл деп аталады деп халықтық этимологияны ұстанушылар түсіндіреді. Мұның өзі топонимдердің белгілі бір ұлттың рухани мәдениетінің туындысы екендігін көрсетеді.

Халықтық этимологияның тағы бір қыры адамның дене мүшелерін жер-су атауларына беру. Ол туралы зерттеуші Т.В. Хвесько пікір білдіріп, мұны белгілі бір этностың бірегейлігін көрсететін фактор деп бағалайды [20, с. 107-113]. Қазақ жерінде де адам дене мүшелерімен байланысты болып келетін жер-су атаулары көптеп кездеседі. Басағаш, Аяқкөл, Аламұрын, Төбекұм, Ақтөбе, Милысай, Тікқабак, Қарақас, Аяққамыс, Аймандай және тағы да басқа елді-мекендердің атауын жиі кездестіреміз. Қазақстан аумағындағы мұндай топонимдердің кездесуі аталған территория-ларда ежелден қазақ халқын құраған ру-тайпалардың мекендегенінің көрсеткіші. Адам денесі мүшелерінің атауымен байланысты топонимдердің этномәдени аспектісі де ұлттық ерекшелік, қазақ тілі, ұлттық көзқарасты терең ескеруден туындауы. Рас топонимдерді зерттеудегі этно-мәдени аспектісі рулық қарым-қатынастар, руханият пен ұлттық болмысқа негізделеді. Мұндай топонимдердің этномәдени аспектісі халықтың ділі, тұрмысы мен мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысып жатады. Этно-мәдени аспектілердің негізінде зерттеушілер «мәдени код» ұғымын бөліп көрсетеді. «Мәдени код» ұғымын зерттеуші В. Красных «халықтың мәдени болмысы уақыт өте келе қоршаған ортаға әсерін беріп, оның құрылымдық қалыптасуына әсер береді» деген маңызды оймен бөліседі [21, с. 198]. Демек топонимдердің пайда болуына этностың өзіне тән ерекшелігі, мәдени болмысы тікелей қатысады. Осылайша ұлттың тілі мен мәдени ерекшелігінің араласуы да топонимдер пайда болуына әсері бар. Мысалы елді-мекендер мен жер-су атаулары ішінде Ешкіөлмес, Атжайлау, Ақтайлақ, Ботамойнақ сынды атаулардың кездеседі. Бұл шаруашылық-мәдени түрдің жер-су атауларына арқау болатындығының дәлелі. Топонимика саласында жер-су атауларының пайда болуына зооморфтық көрсеткіштердің әсері бар екендігі мойындалады. Сондықтан болар елімізде Арқарлы, Аюлы, Жыланды, Бақалы сынды топонимдер бар. Бұл атаулардың барлығы да этномәдени немесе саяси-экономикалық факторлардың әсерінен пайда болу мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Мұның өзі аталған бағытта кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу ісінің маңыздылығын дәлелдейді. Зерттеушілер А.Т. Кулсариева, Ж. Шайгозова, М. Султанова өздерінің «Зоотопонимы Казахстана как практика коммеморации кочевого прошлого» деп аталатын жұмыстарында қазақ халқы жоғары бағалайтын жануарлар атаулары да топонимдерге негіз болғандығын атап өтеді. Әсіресе жылқы атауымен қойылған жер-су атаулары еліміздің әр өңірінде көптігін алға тартады. Мысалы ретінде «Бозайғыр», «Сарыайғыр», «Айғыртас» және тағы да басқа атауларды келтіреді [22, с. 219-227]. Рас қазақ халқының дүниетанымында жануарлар, құстардың өзіндік маңыздылығы бар. Жер-су атауларын жануарлардың құрметіне қою стихиялы емес, керісінше халықтың дүниетанымымен тығыз байланысты. «Қарғам», «қарғашым» деп еркелету, аққуды адалдық пен махаббаттың белгісі деп тану, бөрі мен жылқыны қасиет тұтуы соның дәлелі.

Осы келтірген жайттардан байқайтынымыз, жер-су атауларын зерттеу, оның ішінде еліміздегі топонимдердің атауын анықтау ісі тіл және тілдік емес ғылым салаларының еншісінде. Жер-су атауларын зерттеп, оның ұлттық бірегейлікпен байланыс дәрежесіне қатысты нақты тұжырымдар жасалуы үшін бұл зерттеу бағытында пәнаралық байланыстарды күшейту қажет. Ортақ ғылыми-зерттеу әрекеттерінің ғана мүмкіндіктері мол. Жер-су атауларын зерттеу ісіндегі пәнаралық ұстаным, пікір талқыларының нәтижесінде жаңа ғылыми-зерттеу бағыттары да айқындалады. Жаңа ойдың туындауына себепші болады. Жаңа ғылыми-зерттеу бағыттары жер-су атауларының қаншалықты ұлттық бірегейлік ұғымымен сабақтастығын дұрыс анықтауға көмектеседі.

Қорытынды

Қарастырып отырған мәселені қорытындылай келе, топонимдерді зерттеу ісі, оның мағына-ларын ашып, шығу тегін айқындау өзекті тақырып екендігі дәлелденді. Жер-су атауларын зерттеу арқылы оларды ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру заман талабы. Ол территориялық тұтастық пен ұлттардың өмір сүріп жатқан аумақтарының заңдылығын дәлел-дейді. Жер-су атаулары ұлттың рухани болмысы мен дүниетанымы, шаруашылығы мен мәдениетіне терең негізделі отырып пайда болады. Сол себепті де топонимдерді ұлттық бірегейлікпен қатар қарастыру қажет. Қазақстандағы жер-су атаулары қазақ халқының дүниетанымында маңызды деп саналатын жануарлар мен құстар, тағамдар

мен аспаптар сияқты ұғымдармен тығыз байланыстыра отырып қойылған. Бұл жер-су атауларының тек географиялық қана емес, ұлттық болмыс, дүниетаным, ұлттық бірегейлік деген түсініктермен де тығыз байланысты.

Қазақстандағы жер-су атаулары түрлі саяси ахуалдарға байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырды. Тарихи атауын жоғалтып, кірме атаулармен ауыстырылды. Қазақ жеріндегі ру-тайпалардың моңғол, орыс, парсы халықтарымен тығыз байланыстар орнатуы, саяси ықпалдас-тықта болуы жер-су атауларының пайда болуына әсер етті. Осы бағыттағы зерттеулер тарихи кезеңдер, тарихи оқиғалардың қаншалықты жер-су атауына арқау болғандығын мүмкіндіктер береді. Аталған бағыттағы белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары қазақ топонимдерін қалыптастыруға жағдай жасайтыны анық. Ұлттық топонимдерді жасау жер-су атауларына ұлттық сипат береді. Демек жер-су атауларын зерттеудің ұлттық бірегейлікті айқындаудағы маңызы өте жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Gardiner A. *Ancient Egyptian onomastica*. London: Oxford university press, 1947. – 669 p.
2. *Античная география*. Москва: Географическая литература, 1953. – 369 с.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: [Диуани лұғат-ит-түрік] 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Хант, 1997. – 595 б.
4. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его труд «Дивану лугат-ит турк» // Советская тюркология. – №1. – 1972. 13 с.
5. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Толағай групп, 2010. – 376
6. Гордова Ю.Ю., Костовска С.К. Актуальные топонимические проблемы // Russian Journal of Earth sciences. – №22(6). – 2022. – 71-78 с.
7. Мамышева М.Е. Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандарын жер-су атаулары негізінде. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Семей, 2023. – 138 б.
8. Уалхан Г.А. Особенности номинации казахских топонимов // Norwegian journal of development of the International Science. – №92. – 2022. – 26-28 с.
9. Khayitova F. The practical analysis of toponyms // Eurasian Scientific Journal. – №12. – 2020. – 17-22 p.
10. Khakimova K. The subject and place of toponymics in the system of sciences // Science and education. – Issue 2. – Volume 1. – 2020. – 157-169 p.
11. Дульзон А.П. Вопросы этимологического анализа русских топонимов субстратного происхождения // Вопросы языкознания. – №4. – 1964. 73-78 с.
12. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Павлодар, 2010. – 240 б.
13. Серебренников Б.А. О методах изучения топонимических названий // Вопросы языкознания. – №6. – 1959. 49 с.
14. Иманбердиева С.Қ., Шормақова А.Б. Қазақстандағы онимдердің түркілік қабатының зерттелуі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №2. – 2020. 160 б.
15. Конкашпаев Г. Некоторые малоизвестные географические названия в Казахстане // Вопросы географии Казахстана. – №9. – 1962. – 242 с.
16. Койчубаев Е. Основные типы топонимов Семиречья. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. –Алма-Ата, 1967. – 24 с.
17. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары [этимологиялық анықтамалық]. – Алматы: Өнер, 2011. – 496 б.
18. Абдрахманов С. Қазақ жерінің каталогы // Егемен Қазақстан. 2013 жыл 27 қараша. 3 б
19. Ковалев Г.Ф. Ономастические единицы как фактор идентичности // Проблема национальной идентичности в культуре и образовании России и Запада. – 2000. – 382 с.
20. Хвесью Т.В. Способы образования топонимов // Вопросы когнитивной лингвистики. – №1[018]. – 2019. – 107-113 с.
21. Красных В. «Свой» среди «чужих» миф и реальность. – Москва: Гнозис, 2003. – 227 с.

22. Кулсариева А.Т., Шайгозова Ж., Султанова М. Зоотопонимы Казахстана как практика коммеморации кочевого прошлого // Вестник КазНУ. – Серия философия, культурология, политология. – №4(58). – 2016. – 219-227 с.

References:

1. Gardiner A. *Ancient Egyptian onomastica*. London: Oxford university press, 1947. – 669 p.
2. *Antichnaja geografija*. Moskva: Geograficheskaja literatura, 1953. – 369 s.
3. Kashkari M. *Turik tilinin sozdigi: [Diواني luzat-it-turik] 3 tomdyk shygarmalar zhinagy*. Almaty: Hant, 1997. – 595 b.
4. Kononov A.N. *Mahmud Kashgarskij i ego trud «Divanu lugat-it turk» // Sovetskaja tjurkologija*. – №1. – 1972. – 13 s.
5. Ualihanov Sh. *Kop tomdyk shygarmalar zhinagy*. Almaty: Tolagaj grupp, 2010. – 376 b.
6. Gordova YU.YU., Kostovska S.K. *Aktual'nye toponimicheskie problemy // Russian Journal of Earth sciences*. – №22(6). – 2022. – 71-78 s.
7. Mamysheva M.E. *Abaj oblysy mikrotoponimderinin lingvomadeni zhyjesi (Aqsuat, Ayagöz, Yrzhar audandaryn zher-su ataulary negizinde. Filosofiya doktory (PhD) därezhessin alu yshin dajyndalqan dissertaciya*. – Semej, 2023. – 138 b.
8. Ualhan G.A. *Osobennosti nominacii kazahskih toponimov // Norwegian journal of development of the Intenational Science*. – №92. – 2022. – 26-28 s.
9. Khayitova F. *The practical analysis of toponyms // Eurasian Scientific Journal*. – №12. – 2020. – 17-22 p.
10. Khakimova K. *The subject and place of toponymics in the system of sciences // Science and education*. – Issue 2. – Volume 1. – 2020. – 157-169 p.
11. Dul'zon A.P. *Voprosy jetimologicheskogo analiza russkih toponimov substratnogo proishozhdenija // Voprosy jazykoznanija*. – №4. – 1964. – 73-78 s.
12. Abdirahmanov A. *Toponimika zhane jetimologija*. – Pavlodar, 2010. – 240 b.
13. Serebrennikov B.A. *O metodah izuchenija toponimicheskikh nazvanij // Voprosy jazykoznanija*. – №6. – 1959. – 49 s.
14. Imanberdieva S.K., Shormakova A.B. *Kazakstandagy onimderdin turkilik kabatynyn zerttelui // Eurazija gumanitarlyk institutynyn habarshysy*. – №2. – 2020. – 160 b.
15. Konkashpaev G. *Nekotorye maloponjatnye geograficheskie nazvanija v Kazahstane // Voprosy geografii Kazahstana*. – №9. – 1962. – 242 s.
16. Kojchubaev E. *Osnovnye tipy toponimov Semirech'ja. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk*. – Alma-Ata, 1967. – 24 s.
17. Zhanuzak T. *Zher-su ataulary [jetimologijalyk anyktamalyk]*. – Almaty: Oner, 2011. – 496 b.
18. Abdrahmanov S. *Kazak zherinin katalogy // Egemen Kazakstan*. 2013 zhyl 27 karasha. 3 b.
19. Kovalev G.F. *Onomasticheskie edinicy kak faktor identichnosti // Problema nacional'noj identichnosti v kul'ture i obrazovanii Rossii i Zapada*. – 2000. – 382 s.
20. Hves'ko T.V. *Sposoby obrazovanija toponimov // Voprosy kognitivnoj lingvistiki*. – №1[018]. – 2019. – 107-113 s.
21. Krasnyh V. *«Svoj» sredi «chuzhih» mif i real'nost'*. – Moskva: Gnozis, 2003. – 227 s.
22. Kulsarieva A.T., SHajgozova ZH., Sultanova M. *Zootoponimy Kazahstana kak praktika kommemoracii kochevogo proshlogo // Vestnik KazNU*. – Seriya filosofiya, kul'turologiya, politologiya. – №4(58). – 2016. – 219-227 s.